

Осакаров аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 542 "Осакаров ауданы бойынша автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарын белгілеу және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық салықтардың мөлшерлемелерін ұлғайту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2026 жылғы 5 наурыздағы № 46/453 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 6 наурызда № 38109 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Осакаров аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осакаров аудандық мәслихатының "Осакаров ауданы бойынша автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарын белгілеу және автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салынатын базалық салықтардың мөлшерлемелерін ұлғайту туралы" 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 542 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5125 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осакаров аудандық мәслихат аппаратына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін оны Осакаров аудандық мәслихат аппаратының интернет-ресурсына орналастыруды.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Осакаров аудандық мәслихатының заңдылық және азаматтардың құқықтары жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына жүктелсін.

4. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиісті.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

К. Саккулаков